

«Стоматология» ББ базалық пәндерінің сипаттамасы

Адам анатомиясы – 8 кредит	Анатомия пәні. Анатомиялық терминология. Анатомиялық зерттеу әдістері. Қаңқа туралы жалпы мәліметтер. Жалпы остеология. Сүйектердің байланыстары. Жалпы миология. Тұлға, жоғарғы және төменгі аяқ-қол анатомиясы. Ас қорыту, тыныс алу, несеп-жыныс, жүрек-қантамыр, лимфа, эндокриндік жүйелер. Орталық, шеткері және вегетативтік жүйке жүйесі. Сезім мүшелері. Адам құрылысының жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктері.
Адам физиологиясы – 7 кредит	Физиология пәні және әдістері. Организм функцияларын реттеудің жалпы қағидалары. Қозғыш тіндер физиологиясы, орталық және вегетативтік жүйке жүйесі, эндокриндік жүйе физиологиясы. Қан, қанайналым, тыныс алу, ас қорыту, зат және энергия алмасу, бөлу, сенсорлық жүйелер физиологиясы. Жоғары жүйке қызметі, мінез-құлықтың физиологиялық негіздері, бейімделу және гомеостазды сақтау.
Гистология – 6 кредит	Гистологиялық зерттеулердің негізгі әдістері. Цитология. Адам эмбриогенезі. Жалпы гистология: эпителий, дәнекер, бұлшықет және жүйке тіндері. Қан, қан түзу ағзалары, иммундық, жүрек-қантамыр, эндокриндік, ас қорыту, тыныс алу, бөліп шығару және жыныс жүйелері, тері және сезім мүшелері гистологиясы. Ауыз қуысының гистологиясы, бет және тіс-жақ жүйесінің дамуы, тістердің, пародонт тіндерінің құрылысы мен дамуы.
Молекулалық биология және медициналық генетика – 5 кредит	Медициналық биология мен генетиканың негізгі бағыттары. Тіршілік әрекеті үдерістерінің жасушалық және молекулалық-генетикалық негіздері. Ақуыздар мен нуклеин қышқылдарының қасиеттері мен функциялары. Медициналық генетика негіздері. Матрицалық типтегі реакциялардың негізі ретінде ген мен генетикалық кодтың құрылысы. Прокариоттар мен эукариоттар гендерінің экспрессиясын реттеудің молекулалық механизмдері. Гендер мен геномдар. Медициналық паразитология мәселелері.

Гигиена және эпидемиология – 6 кредит	Гигиена мен эпидемиологияның пәні, әдістері және заңнамалық негіздері. Қоршаған орта факторларын гигиеналық нормалау. Атмосфералық ауа, су, топырақ, тамақтану, еңбек және медициналық ұйымдар гигиенасы. Сипаттамалық, аналитикалық және эксперименттік эпидемиология негіздері. Эпидемиологиялық қадағалау, эпидемиологиялық зерттеу әдістері, скрининг, індет ошақтарын тергеп-тексеру, қауіп факторларын бағалау, аурулардың профилактикасы, профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың тиімділігін дәлелді бағалау.
Клиникалық коммуникация және кәсіби қызмет негіздері – 6 кредит	Медициналық көмекті ұйымдастыру және медицина қызметкерінің кәсіби қызметі негіздері. Инфекциялық қауіпсіздік және инфекциялық бақылау. Пациенттің функционалдық жағдайын бастапқы бағалау, жалпы күтім, дәрігерге дейінгі көмек және диагностикалық зерттеулерге дайындау негіздері. Тиімді клиникалық коммуникация қағидалары, пациент пен медицина қызметкерінің психологиясы, кәсіби этика, коммуникативтік кедергілердің профилактикасы.
Терапиялық стоматология негіздері – 7 кредит	Терапиялық стоматологияның даму кезеңдері, базалық және клиникалық пәндермен өзара байланысы. Терапиялық стоматологиялық кабинетті ұйымдастыру, жабдықтау, эргономикасы, инфекциялық бақылау, дезинфекция, стерилизация, қауіпсіздік техникасы. Ауыз қуысы ағзалары мен тіңдерінің анатомиясы және гистологиясы. Тіс формуласы. Тісжегі және оның асқынулары туралы түсінік. Блэк бойынша кариозды қуыстардың жіктелуі. Кариозды қуыстарды егеп-тазалаудың қағидалары, кезеңдері және әдістері. Өртүрлі кластағы кариозды қуыстарды егеп-тазалау ерекшеліктері. Пломбалық материалдар. Жүйеленуі, құрамы, қасиеттері, пломбау техникасы. Пломбалық материалды таңдау. Тістерді реставрациялау, реконструкциялау және трансформациялау туралы түсінік.
Ортопедиялық стоматология негіздері – 7 кредит	Пәннің мақсаты мен міндеттері, басқа медициналық және техникалық пәндермен өзара байланысы. Тұрақты тістердің жеке анатомиясы. Физиологиялық және патологиялық тістемдер.

	Төменгі жақ қозғалыстарының биомеханикасы. Ортопедиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру негіздері. Тіс-техникалық зертхананың жұмысын ұйымдастыру. Ортопедиялық стоматологиядағы материалтану. Ортопедиялық конструкцияларды дайындау кезеңдерінде қолданылатын негізгі және қосалқы материалдар.
Микробиология, вирусология – 7 кредит	Медициналық микробиология, вирусология және иммунология негіздері. Микроорганизмдердің жіктелуі, морфологиясы, физиологиясы, генетикасы және экологиясы. Инфекциялық аурулардың биологиялық қасиеттері, патогендік факторлары, зертханалық диагностикасы, профилактикасы және емі. Ауыз қуысының микробиотасы, стоматологиялық инфекциялардың этиологиясы және микробиологиялық диагностикасы, иммундық жауап, иммунопрофилактика және ауыз қуысы микрофлорасының жүйелік патологияның дамуындағы маңызы.
Биологиялық химия – 5 кредит	Тірі жүйелердің химиялық құрамы және молекулалық ұйымдасуы. Ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының, ферменттер мен дәрумендердің құрылысы, қасиеттері және функциялары. Биоэнергетика және зат алмасудың негізгі заңдылықтары. Көмірсулар, липидтер, ақуыздар және су-минералды алмасу, олардың гормондық реттелуі. Организмнің биологиялық сұйықтықтары мен тіндерінің биохимиясы. Дәнекер, сүйек және тіс тіндерінің, сілекейдің биохимиялық ерекшеліктері, биохимиялық зерттеулердің клиникалық-диагностикалық маңызы.
Стоматологияның анатомиялық-физиологиялық негіздері – 9 кредит	Бас, мойын және жақ-бет аймағының анатомиялық құрылысы мен топографиясы. Жақ-бет аймағы ағзалары мен тіндерінің морфофункционалдық ұйымдасуы. Тіс-жақ жүйесінің, шайнаудың, жұтынудың, сілекей бөлінудің, қанайналымның, иннервацияның және сенсорлық қамтамасыз етудің физиологиялық механизмдері. Жас ерекшеліктері, ағзалар мен жүйелердің функционалдық интеграциясы, анатомиялық-физиологиялық заңдылықтардың клиникалық маңызы.

Хирургиялық және балалар стоматологиясы негіздері – 6 кредит	Хирургиялық стоматологияға кіріспе. Хирургиялық стоматологиялық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру. Хирургиялық стоматологиядағы этика, деонтология, асептика және антисептика негіздері. Хирургиялық стоматологиялық құрал-саймандар. Хирургиялық стоматология үшін маңызы бар жақ-бет аймағының анатомиялық-топографиялық ерекшеліктері. Балалар стоматологиясының даму тарихы. Балалар стоматологиялық кабинетінің жұмысын ұйымдастыру және балалар мен жасөспірімдерге стоматологиялық көмек көрсету қағидалары. Этика және деонтология, баланы психологиялық бейімдеу және стоматологиялық қабылдауда мінез-құлқын басқару негіздері.
Патологиялық физиология – 7 кредит	Патологиялық физиология пәні және әдістері. Аурулардың пайда болуының, дамуының және нәтижелерінің жалпы заңдылықтары. Этиология, патогенез, саногенез, организмнің реактивтілігі мен резистенттілігі. Типтік патологиялық үдерістер, ағзалар мен жүйелер функцияларының бұзылыстары, қабыну, иммунопатологиялық жағдайлар, гипоксия, зат алмасу мен бейімделу механизмдерінің бұзылыстары. Жақ-бет аймағы ағзалары мен тіндері ауруларының патофизиологиялық негіздері.
Патологиялық анатомия – 7 кредит	Патологиялық анатомия пәні және әдістері. Жалпы және жеке патологияның негізгі ұғымдары. Аурулардың пайда болуының, дамуының және морфологиялық көріністерінің жалпы заңдылықтары. Типтік патологиялық үдерістер, қанайналым бұзылыстары, қабыну, иммунопатологиялық үдерістер, регенерация, компенсаторлық-бейімделу реакциялары, ісіктік өсу және ауруларды диагностикалаудың морфологиялық негіздері. Жақ-бет аймағы ағзалары мен тіндері ауруларының патоморфологиялық негіздері.
Фармакология – 7 кредит	Фармакология пәні және әдістері. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы мен фармакодинамикасы. Негізгі фармакологиялық топтар, дәрілік түрлер, енгізу жолдары, әсер ету механизмдері, көрсетілімдер, қарсы көрсетілімдер,

	жанама әсерлер және дәрілік өзара әрекеттесулер. Дәрілік заттарды ұтымды тағайындау, фармакотерапияны дараландыру, препараттарды қауіпсіз қолдану қағидалары және оларды стоматологиялық практикада жақ-бет аймағы аурулары кезінде қолдану ерекшеліктері.
Стоматологиялық аурулардың профилактикасы – 6 кредит	Стоматологиялық аурулардың эпидемиологиясы. Балаларда стоматологиялық аурулардың даму қауіп факторлары, тістің қатты тіндерінің кариеске төзімділігі, тісжегінің, тістердің кариозды емес зақымдануларының және пародонт ауруларының профилактикасы, жеке және кәсіби профилактика әдістері. Балалардағы стоматологиялық аурулардың антенаталдық профилактикасы. Стоматологиялық пациенттерді диспансерлік бақылау, халықты эпидемиологиялық тексеру, стоматологиялық сырқаттанушылықты индекстік бағалау. Әртүрлі жас топтарына арналған профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу, енгізу және тиімділігін бағалау қағидалары.
Дәлелді медицина негіздері және биостатистика – 5 кредит	Дәлелді медицина және биостатистика негіздері. Медициналық зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және сыни бағалау қағидалары. Клиникалық және эпидемиологиялық зерттеулер дизайны. Биостатистикалық талдау және деректерді интерпретациялау негіздері. Ғылыми ақпаратты іздеу, талдау және сыни бағалау, дәлелділік деңгейлері, жүйелі шолулар және метаталдау. Медициналық және стоматологиялық практикада клиникалық шешімдер қабылдау үшін зерттеу нәтижелерін қолдану.